

**Қостанай ауданындағы № 2, № 4, № II, № 25, № 36, № 37 ұңғымалар учаскесінде, Жамбыл көлінің және Тобыл өзенінің сіңіретін су айдындарында Жамбыл шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 28 ақпанда № 4050 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

### **РҚАО ескертпесі.**

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Қаулының кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Қосымшаға сәйкес Қостанай ауданындағы № 2, № 4, № II, № 25, № 36, № 37 ұңғымалар учаскесінде, Жамбыл көлінің және Тобыл өзенінің сіңіретін су айдындарында Жамбыл шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтары белгіленсін.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Н. Садуақасов*

**КЕЛІСІЛДІ:**

"Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау  
министрлігі Мемлекеттік  
санитарлық-эпидемиологиялық  
қадағалау комитетінің  
Қостанай облысы

бойынша департаменті"  
 мемлекеттік  
 мекемесінің директоры  
 \_\_\_\_\_ Б. Кенжебаев  
 "Қазақстан Республикасы  
 Ауыл шаруашылығы  
 министрлігі Су  
 ресурстары комитетінің  
 Су ресурстарын пайдалануды  
 реттеу және қорғау  
 жөніндегі Тобыл-Торғай  
 бассейндік инспекциясы"  
 мемлекеттік мекемесі  
 \_\_\_\_\_ Г. Оспанбекова  
 "Қостанай облысы  
 әкімдігінің табиғи  
 ресурстар және табиғат  
 пайдалануды реттеу  
 басқармасы"  
 ММ бастығы  
 \_\_\_\_\_ Қ. Төлеубаев  
 Қостанай  
 ауданының әкімі  
 \_\_\_\_\_ А. Ахметжанов

Әкімдіктің  
 2013 жылғы 28 қаңтардағы  
 № 26 қаулысына  
 қосымша

**Қостанай ауданындағы № 2, № 4, № II, № 25, № 36, № 37 ұңғымалар учаскесінде,  
 Жамбыл көлінің және Тобыл өзенінің сіңіретін су айдындарында Жамбыл  
 шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтары**

Су тарту көзінің атауы	Санитарлық қорғау аймақтарының мөлшерлері					
	I - белдеу		II - белдеу		III - белдеу	
	Шекарасы	Ауданы	Шекарасы	Ауданы	Шекарасы	Ауданы
№ II ұңғыма	Ұзындығы - 100 метр Ені – 100 метр	1 гектар				
№ 25	Ұзындығы - 100 метр					

ұңғыма	Ені – 100 метр	1 гектар	Ұзындығы – 720 метр	40,27 гектар	Ұзындығы – 3181 метр	709 гектар
№ 37, № 4 ұңғымалар	Ұзындығы – 206 метр Ені – 100 метр	2,06 гектар	Барынша ені – 820 метр		Барынша ені – 2978 метр	
№ 36, № 2 ұңғымалар	Ұзындығы – 267 метр Ені – 100 метр	2,67 гектар				
Сіңіретін су айдындары (Жамбыл көлі, Тобыл өзені)	Ұзындығы – 220 метр Ені – 200 метр	3,57 гектар	Ұзындығы – 5200 метр Барынша ені – 1000 метр	537 гектар	Ұзындығы – 5200 метр Барынша ені – 2700 метр	579 гектар

Ескерту: № 2, 4, П, 25, 36, 37 ұңғымалар учаскесінде, Жамбыл көлінің және Тобыл өзенінің сіңіретін су айдындарында Жамбыл шаруашылық-ауыз суға арналған су тартудың санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу жөніндегі жобасының картографиялық материалында санитарлық қорғау аймақтарының шекаралары көрсетілген (Тапсырыс беруші Қостанай ауданы әкімдігінің "Құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі).